



Автор: Жанар Комекова Ақмырзақызы

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 2-сынып






Бөлім: Дені саудың - жаны сау


Тақырып: Көңіл сұрауды білемін. Жолбарыс пен түлкі (Ертегі)

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру ; 2.2.1.1 - мәтінді дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу; 2.3.1.1 - мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Оқулықта берілген тапсырмаларды орындайды. Тақырыпты меңгереді. Оқушылардың басым бөлігі: Тақырыптың маңызы туралы дәлелдеп айтып бере алады. Кейбір оқушылар: Білімді сыныптастарына түсіндіріп оқулықтан тыс ресурстар қоса алады
Тілдік мақсаттар:	«үш тілде сөйлеу» сөздерді үш тілде айтады. 1. Түлкі – лиса – fox 2. Жолбарыс – тигер- tiger 3. Қасқыр – волк- wolf 4. Қоян – заяц- rabbit 5. Ертегі – сказка- story 6. Жануар- звери- animals
Күтілетін нәтиже:	- Суретпен жұмыс жасай алады. - Диалог құра алады. - Рөлге бөліп оқи алады. - ДЖИГСО әдісін қолдана алады. - Түлкіні, жолбарысты, қасқыр жануарларын сипаттай біледі. - Сұрақтарға жауап бере алады
Бағалау критерийлері:	- Суретпен жұмыс жасай алады. - Диалог құра алады. - Рөлге бөліп оқи алады. - ДЖИГСО әдісін қолдана алады. - Түлкіні, жолбарысты, қасқыр жануарларын сипаттай біледі. - Сұрақтарға жауап бере алады
Құндылықтарды дарыту:	шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; - жауапкершілік; - өмір бойы оқуға дайындалу; - қарым-қатынас жасау қабілеті
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Таныстырылым, видеоматериал, интерактивті тақта
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі , көркем еңбек
Бастапқы білім:	Мен істейтін жұмыс бар

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (5 минут)</p>	<p>Сабаққа кіріспе 1. Оқушылар шеңбер болып тұрады. - Балалар көңіл - күйлеріміз қалай? - Тамаша! 2. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Көрші» Мақсаты: әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір-біріне жылылық сыйлау. Нұсқаулық: Көршіңді оң жақтан құшақта, Көршіңді сол жақтан құшақта. Оң жақтағы көршіңе бір жымып, Сол жақтағы көршіңе бір жымып, Бүгінгі тренинг барысы, Біз үлкен ағасын білмейміз Топқа бөліну: Оқушылар өздеріне ұнайтын аңдардың суретін алып, түріне сай бөлінеді I.Жолбарыс II.Түлкі III. Қасқыр</p> 	  
<p>Сабақтың ортасы (35 мин)</p>	<p>3. Үй жұмысын сұрау. Қыста тағы қандай еңбек түрлері бар? (шағын шығарма жазу) Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады. Тақырыпқа байланысты аңдар туралы жұмбақтар жасыру. Жаңа сабақ. Олай болса бүгінгі сабақтың тақырыбы : Көңіл сұрауды білемін Жолбарыс пен түлкі ертегісімен танысамыз - Оқушылар қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс - Қыс мезгілінің айларын айтайықшы? - Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан - Қыс мезгілі қандай болады? - Суық, салқын Дәптерлеріңізді ашып бүгінгі күннің жады мен тақырыпты жаздыру. 1. Нақыл сөздің мағынасын түсіндір. Ауырып ем іздегенше, Ауырмайтын жол ізде. «Ой қозғау» Халық шығармалары дегеніміз не? 1.Шешендік сөздер 2.Жұмбақтар 3.Мақал - мәтелдер 4. Жаңылтпаштар 5.Жырлар 6.Өтірік өлеңдер 7.Ертегілер - Жарайсыңдар балалар! - Ендеше ертегі дегеніміз не? Ертегі - халық ауыз әдебиетінің атадан балаға ауыз екі сөйлеумен жеткен әдеби өнердің бірі. Тыңдалым: аудиомен тыңдалады. Айтылым: ДЖИГСО әдісі бойынша жаңа тақырыпты меңгереді. (Ж) жұмыс I.Жолбарыс топ: Ертегіні оқып, әр топтан бір оқушы екінші топқа барып түсіндіреді. («Елші» әдісі бойынша) II.Түлкі топ: Мұқият тыңдайды жолбарыс пен түлкіні сипаттайды. (постер қорғау) III. Қасқыр топ: Ертегіні сахналау. Сергіту сәті: Допты дұрыс қағып ал да, жауап бер «үш тілде сөйлеу» сөздерді үш тілде айтады. 1. Түлкі - лиса - fox 2. Жолбарыс - тигер-tiger 3. Қасқыр - волк- wolf 4. Қоян - заяц- rabbit 5. Ертегі - сказка-story 6. Жануар- звери- animals (Т) жұмыс Жұмбақтар шешу. (әр топқа жұмбақтар беріледі) I.Жолбарыс топ: Кілемнің түрлеріндей жүндері бар, Айбаты жан шыдамас үндері бар. (Жолбарыс) II.Түлкі топ: Сайқымазақ қулығы бар, Барған жерде ұрлығы бар. (Түлкі)III. Қасқыр топ: Сұрғылт тартқан түсі бар. Ақсифан көп тісі бар Тыным таппай жүгіріп, Сілекейі шұбырған Қыстау маңын ториды, Ауылдың өш бар иті (Қасқыр)</p>	
<p>Сабақтың соңы (3 мин)</p>	<p>Кубизм стратегиясы: Сұрақтарға жауап беру.1 1. «Жолбарыс пен түлкі» ертегісіндегі түлкіге сипаттама беріңіз. 2. Жолбарыс қандай жануар? 3. «Жолбарыс пен түлкі» ертегісі қандай ертегі түріне жатады? 4. Науқас адамның көңілін қай уақытта сұрамайды? 5. Науқас адамға не апарсың?Қандай жылы сөздер айтасың? Жетістік критерийі: - Суретпен жұмыс жасай алады. - Диалог құра алады. - Рөлге бөліп оқи алады. - ДЖИГСО әдісін қолдана алады. - Түлкіні, жолбарысты,қасқыр жануарларын сипаттай біледі. - Сұрақтарға жауап бере алады.</p>	<p>Кубизм стратегиясы:</p> 

<p>Рефлексия (2 мин)</p>	<p>Рефлексия Қол соғу және күлегіштер (смайликпен) арқылы</p>	<p>Бас бармақтар әдісі Image not found or type unknown</p> 
------------------------------	---	--